

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді камтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 1-сі
--	---	--

БЕКІТЕМІН  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
Басқарма төрағасы - ректордың м.у.а.  
К.Нұрманбетов  
« 08 » \_\_\_\_\_ 2021ж.



## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САҚТАУЫ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ

СМЖ ОҚУ И 6.17-2021

Тіркеу № 6  
Көшірме № \_\_\_\_\_

<p>Дайындаған: АКМЖД директоры <u>А.Наукенова</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p> <p>АМЖД директорының орынбасары <u>С.Пернебеков</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p>	<p>Келісілген: Сапа бойынша басшылықтың өкілі <u>А.Искакова</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p> <p>Оқу және ОӘЖ жөніндегі проректор <u>Р.Абишева</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p> <p>ӘШҚ департаментінің директоры <u>О.Акимжанов</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p> <p>ӘД директоры <u>М.Чингизбаев</u> « 08 » <u>01</u> 2021 ж.</p> <p>СДД директорының м.а. <u>Г.Омашова</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p> <p>Заң бөлімінің басшысы м.а. <u>К.Тлеукабылова</u> « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p>	<p>Енгізілген: Бұйрық № <u>9-НБ</u></p> <p>Енгізілген күні: « 08 » <u>01</u> 2021ж.</p>
---	---	---

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	<b>СМЖ ОҚУ И 6.17-2021</b> Нұсқа 01 Бет 11-дің 2-сі
--	---	---

## Мазмұны

1 Қолданылу аясы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Белгілеулер мен қысқартулар	3
5 Жауапкершілік және құқығы	4
6 Процестердің сипаттасы	6
Қосымша А Өзгертулерді тіркеу парағы	11

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 3-сі
--	---	--

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы нұсқаулық «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ (әрі қарай -ОҚУ) білім алушылары мен қызметкерлерінің санитарлық-эпидемиялық режимді орындауы және оның қамтамасыз етілуін айқындайды.

1.2 Нұсқаулық ҚР мемлекеттік Бас санитарлық дәрігердің 2020 жылдың 25 желтоқсанындағы №67 «Қазақстан Республикасы халықтары арасында коронавирустық инфекцияның таралуын шектеу шараларын күшейту туралы» қаулы талаптарын ескере отырып, университеттің білім алушылары мен қызметкерлерін қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету мақсатында әзірленген және Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, Шымкент қаласы бойынша карантин кезінде және карантиннен кейінгі кезеңде университеттің аумағы мен ғимараттарында қажетті санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтауға бағытталған.

1.3 Нұсқаулық авторлық құқық нысаны болып саналады және оны ректордың рұқсатынсыз басқа ұйымдарға беруге рұқсат етілмейді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Аталған нұсқаулықта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

СТ РК ИСО 9000-2017 Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

СТ РК ИСО 9001-2016 Сапа менеджмент жүйесі. Талаптар.

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 8 ақпанындағы № 387 «Төтенше жағдай туралы» Заңы;

ҚР мемлекеттік Бас санитарлық дәрігерінің 2020 жылдың 25 желтоқсанындағы №67 «Қазақстан Республикасы халықтары арасында коронавирустық инфекцияның таралуын шектеу шараларын күшейту туралы» қаулы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Ішкі тәртіпті сақтау ережелері.

## 3 Терминдер мен анықтамалар

Нұсқаулықта СТ РК ИСО 900:2017 сәйкес терминдер мен анықтамалар және қосымша ретінде келесілер қолданылады:

**Антисептикалық құрал:** Кең спектрлі микробқа қарсы құрал;

**Дезинфекция (зарарсыздандыру):** Бұл инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын жоюға және сыртқы орта объектілеріндегі токсиндердің тері, шырышты қабаттарға және жарақат бетіне түсуіне жол бермеу үшін оларды жоюға бағытталған шаралар кешені.

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 4-сі
--	---	--

**Дезинфекциялық құрал:** Қоршаған ортадағы инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын жоюға қолданылатын құрал.

**Қашықтықтан оқу:** Бұл оқытушы мен студенттарап арасында қашықтықтан ақпараттық технологиялар көмегімен білім алу формасы.

**Карантин:** Әртүрлі шаралар жиынтығы (негізінен- шектеу) жұқпалы аурудың жаппай таралуын болдырмауға бағытталған шектеу шаралары.

**Карантиннен кейінгі кезең:** Шектеулі карантиндік шаралар жойылатын кезең.

**Санитайзер (зарарсыздандырғыш):** Қолды жуу қиын немесе қол жетімді емес жерлерде негізгі гигиенаны сақтау үшін қолданылатын дезинфекциялау түрі.

**Санитарлық-гигиеналық талаптар:** Білім алушылар мен қызметкерлердің университет ғимаратында және аумағында болуы үшін қауіпсіздік критерийін белгілейтін талаптар.

**Санитарлық-денсаулық сақтау және түсіндіру жұмыстары:** Салауатты өмір салтын қалыптастыруға, аурулардың алдын алуға, денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған ағартушылық, үгіт-насихат іс-шараларының кешені.

**Санитарлық-дезинфекциялық режим:** Қолды тазалау үшін санитайзерлер орнатуды, беткі қабатты күніне кем дегенде екі рет өңдеуді, дезинфекциялаушы заттармен дымқыл тазалауды, бөлмелерді желдетуді, дезинфекциялауды қамтамасыз ететін шаралар кешені.

**Санитарлық-эпидемиологиялық режим:** Университетте инфекциялық аурулардың таралуын болдырмауға және білім алушылар мен қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтауға бағытталған шаралар кешені.

**Термометр:** Адам денесінің температурасын автоматты, жылдам және дәл өлшеуге арналған құрылғы.

**Қашықтан жұмыс жасау:** Жұмыс беруші мен қызметкер бір-бірінен қашықтықта болатын, өзінің функционалдық қызметтерін орындайтын жұмыс түрі.

**Төтенше жағдай:** Азаматтардың, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына белгілі бір шектеулер орнатуға мүмкіндік беретін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде қолданылатын және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметі үшін ерекше құқықтық режимді білдіретін және оларға қосымша жауапкершілік жүктеуді білдіретін уақытша шара.

#### 4 Белгілеулер мен қысқартулар

Нұсқаулықта келесі қысқартулар қолданылған:

ЖМ–жоғары мектеп;

АқМЖД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	<b>СМЖ ОҚУ И 6.17-2021</b> Нұсқа 01 Бет 11-дің 5-сі
--	---	---

СБӨ – сапа бойынша басшылықтың өкілі;  
СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;  
ОжОӘЖ – оқу және оқу-әдістемелік жұмыс;  
СЖжСМО – стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті орталығы;  
КЕ АҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;  
ОҚУ–М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

## **5 Жауапкершілік және құқығы**

5.1 Нұсқаулықты басқарма төрағасы- ОҚУ ректоры бекітеді.

5.2 Нұсқаулықты енгізу және басқаруға СБӨ жауапты.

5.3 Осы Нұсқаулық ережелерінің СТ РК ИСО 9001:2017 стандарт талаптарына сәйкестігіне СБӨ жауапты.

5.4 Бөлімшелердегі СМЖ нұсқауларының қауіпсіздігі мен рұқсатсыз көшірілуі және қызметтік ақпараттың таралуы үшін бөлімшелер басшылары жауапты.

5.5 Ережені әзірлеу, оның мазмұны, құрылымы, рәсімделуі СМЖ ОҚУ ПР 4.02-2020 талаптарына сәйкестігіне, бекітілуі мен енгізілуіне академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры жауапты.

5.6 Нұсқаулыққа өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгілеу арқылы АқМЖД директоры енгізеді (**Қосымша А**).

## **6 Процестің сипаттамасы**

**6.1 Университет аумағы мен ғимараттарында санитарлық-эпидемиологиялық режимнің қамтамасыз етілуі.**

6.1.1 Түрлі этиологиялық вирустық инфекциялардың көбеюі кезеңінде профилактикалық мақсатта университет ғимараттары мен аумағында дезинфекция (зарарсыздандыру) жүргізіледі.

6.1.2 Дезинфекция жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етіліп, тіркелген құралдар пайдаланылады.

6.1.3 Дезинфекциялық жұмыстарды қауіпсіз түрде жүзеге асыру бойынша нұсқаумен танысқан (инструктажөткен) қызметкерлер университеттің бөлмелері мен аумағында дезинфекциялау жұмыстарды жүргізеді.

6.1.4 Зарарсыздандыру жұмыстары жеке қоғаныс құралдарын (қорғаныс халаттар, қолғаптар, эмбебап респираторлар, резиналы етіктер) қолдану арқылы жүргізіледі.

6.1.5 Оқу аудиторияларын зарарсыздандыруды әр 4 сағат сайын бактерицидті лампаны 15 минутқа қосып, соңынан желдету арқылы техникалық персонал жүргізеді.

6.1.6 Барлық оқу дәрісханалары мен бөлмелерді жуып тазалау және желдету күнделікті 8.00-ден, ауысымдар арасында (13.00-14.00 сағ.) жүргізіледі, есік тұтқалары, столдар, парталар, терезелердің алды дезинфекциялық және тазалық құралдарымен сүртіледі.

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 6-сі
--	---	--

6.1.7 Дәретханаларды тазалау әр 2 сағат сайын қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдарды пайдаланып жүргізіледі.

6.1.8 Барлық ғимараттардағы дәретханалар санитайзерлер/ дозаторлары бар антисептик құралдарымен жабдықталған болуы тиіс.

6.1.9 Ғимараттардың дәліздері (коридорлар), рекреацияларында әр 100 м сайын санитайзерлер / дозаторлары бар антисептик құралдары орналастырылуы тиіс.

6.1.10 Дәліздерді (коридорларды) әр 3 сағат сайын дезинфекциялық және тазартқыш құралдарын қолдана отырып, жуып тазалап тұру керек.

6.1.11 Сабақ кестесін түзу кезінде дәрісханалардың толымдылығы (әлеуметтік арақашықтық -1 адамға 1 кв.м., зертханаларда- 5 кв.м.) ескерілуі тиіс; онлайн түрде жүргізілетін сабақ кестесін түзуде сервер жабдығының сипаты, желіні өткізу қабілеті; бір уақытта максималды түрде қосылған бейнесерверге түсетін күш ескеріледі. Білім алушылардың спортзалда сабақ өту кезінде 1 адамға 1 кв.м. әлеуметтік арақашықтық сақталынып, зал толымдылығы 40%-дан аспауы тиіс;

6.1.12 Университеттің тамақтану пункттерінде (болған жағдайда) техникалық үзіліс кезінде әр 4 сағат сайын 15-20 минут бактерицидті лампаларды қолдану жүзеге асырылады, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, желдету және ылғалды жуып тазалау жүзеге асырылады. Әр сағат сайын және ауысым соңында арнайы дезинфекциялық құралдармен столдар, орындықтар, есік тұтқалары тазаланады.

Тамақтану орындарында столдар, орындықтар 2 метр арақашықтық сақталына отырып орналастырылады, толымдылығы 50%-дан аспауы тиіс.

6.1.13 Тамақтану орындарына келушілерге санитайзерлер/ антисептик құралдары бар дозаторлар қол жетімді орында орналасуы тиіс.

6.1.14 Тамақтану пункттеріндегі персоналарнайы санитарлық киіммен (халат, қалпақ, орамал), сонымен қатар жеке қорғаныс құралдарымен (әр 2 сағат сайын ауыстырылып тұруы қажет маска, бір реттік қолданылатын қолғаптар) қамтамасыз етілуі тиіс.

## **6.2 Университет ғимараттарына кіру кезіндегі бақылау**

6.2.1 Университеттің барлық кіре берістері жанаспайтын тепловизорлармен қамтамасыз етілуі тиіс.

6.2.2 Барлық білім алушылар, қызметкерлер мен келушілер міндетті түрде маска киюі тиіс.

6.2.2 Қауіпсіздікті қорғау қызметкерлері университетке кіретін барлық тұлғалардың дене температурасын жанаспайтын тепловизорлармен өлшеп кіргізеді. Дене қызуы бар (37°-тан аса) білім алушы, қызметкер немесе келуші университетке жіберілмейді, оған медициналық мекемеге жүгіну керектігі ескертіледі.

## **6.3 Университет ғимараттары мен аумағында білім алушылардың санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтауы**

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 7-сі
--	---	--

6.3.1 Университеттің білім алушылары санитарлық-эпидемиялық режимді сақтау мақсатында өзінің жеке қауіпсіздігі және басқа тұлғалардың да қауіпсіздігі үшін келесі шараларды сақтауға міндетті:

- университет ғимараттарында маска киюі, жеке басына қолданатын теріге арналған антисептикалық құралдары болуы;

- университетке кірерде температурасын өлшетуге қарсылық білдірмеу;

- тамақтану орындарына барғанда қолын жуу немесе қолын антисептик құралымен тазалау;

- санузелге барғаннан кейін қолын жуу немесе қолын антисептик құралымен тазалау;

- төтенше жағдай / карантин жарияланған жағдайда қашықтықтан оқуға көшу туралы хабарландыру жасалса, жатақханада тұратындар, мүмкіндігінше, ата-анасының тұрғылықты мекенжайына барып, қашықтықтан оқуын жалғастыруға құқылы;

- білім алушы ата-анасының тұрғылықты мекенжайына жету мүмкіндігі болмаған жағдайда жатақханада қалады және төтенше жағдай / карантин, карантиннен кейінгі кезең жағдайларында барлық қажетті санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға міндетті;

- - төтенше жағдай / карантин кезеңінде білім алушы дәрісханаларда сабақта әлеуметтік арақашықтық- 1 адамға 1 ш.м (1 партада 1 адам) отыруы және зертханалық сабақта 1 білім алушыға 5 ш.м- ден кем емес арақашықтық қамтылуы тиіс;

- жедел респираторлы вирустық инфекция (ЖРВИ) немесе басқа да вирустық инфекция белгілері болған жағдайда университетке бармай, тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық мекемеге жүгінуі керек және өзінің жағдайы туралы топ тәлімгері немесе топ басшысына хабарлауы тиіс. Ауруынан жазылғаннан кейін білім алушы медициналық анықтамасын ұсынуы тиіс;

- білім алушы университетте болған кезде дене қызуы көтеріліп, өзін бір түрлі сезінген жағдайда оқу ғимаратында орналасқан медициналық пунктке барып, кеңес алуына болады. Денсаулығы туралы топ тәлімгері немесе топ басшысын хабардар етуі тиіс. Егер өзінің тұрғылықты мекенжайы бойынша емделуге жіберілген болса, медициналық анықтамасын әкелуі тиіс.

#### **6.4 Университет ғимараттары мен аумағында қызметкерлердің санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауы**

6.4.1 Университет қызметкерлері санитарлық-эпидемиялық режимді сақтау мақсатында өзінің жеке басы қауіпсіздігі және басқа тұлғалардың да қауіпсіздігі үшін келесі шараларды сақтауға міндетті:

- университет ғимараттарында маска киюі, жеке басына қолданатын теріге арналған антисептикалық құралдары болуы;

- университетке кірерде температурасын өлшетуге қарсылық білдірмеу;

- тамақтану орындарына барғанда қолын жуу немесе қолын антисептик құралымен тазалау;

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 8-сі
--	---	--

- дәретханаға барғаннан кейін қолын жуу немесе қолын антисептик құралымен тазалау;

- короновирустық инфекция, өкпе қабынуы немесе басқа да вирустық инфекция белгілерін байқаса, университетке бармай, тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық мекемеге жүгінуі тиіс, жұмыс уақытының есебін жүргізу үшін тікелей басшысына хабарлауы тиіс;

- университетте жүргенде дене қызуы көтеріліп, өзін бір түрлі сезінген жағдайда университеттің медициналық пунктіне барып, кеңес алуына болады. Сонымен қатар, денсаулығы туралы тікелей басшысы мен бөлім қызметкерлерін хабардар етуі тиіс. Сонымен бірге жұмыс уақытының есебін жүргізу үшін денсаулығы жағдайы туралы қызметкерлерді іріктеу және дамыту бөлім басшысына және қызметкерлеріне хабарлау керек;

- төтенше жағдай / карантин немесе карантиннен кейінгі кезең жағдайында қашықтықтан оқуға көшу туралы хабарланса ОПК сабақ кестесінің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін барлық ОПК-да оқылатын пәндері бойынша онлайн / қашықтықтан оқыту курстары әзірленген болуы тиіс;

- төтенше жағдай / карантин жарияланған немесе карантиннен кейінгі кезең жағдайында қашықтықтан жұмыс жасау форматына көшу туралы хабардар болған жағдайда әкімшілік-басқару және оқу-қосалқы персонал өздерінің функционалдық қызметтерін толық көлемде орындауға міндетті;

- университеттің барлық қызметкерлері осы Нұсқаулықпен танысуы тиіс;

- жұмысқа жаңа қызметкерлер қабылданған жағдайда Әкімшілік департаменті жаңа қызметкерді міндетті түрде осы Нұсқаулықпен таныстырып, оның орындалуын талап етуі тиіс.

## **6.5 Оқу процесін ұйымдастыру талаптары**

6.5.1 Төтенше жағдай / карантин немесе карантиннен кейінгі кезең жағдайында келесі талаптардың орындалуы мен сақталуы қажет:

- дәрісханаларда сабақ өту кезінде әлеуметтік арақашықтық – 2 ш.м. ескере отырып, дәрісхананың толымдылығын қамтамасыз ету қажет;

- сабақ кестесін түзуде дәрісхананы санитарлық тазалауға, оған қоса ауаны тазарту мен желдетуге қажетті уақытты ескере отырып, сабақ жүргізу кестесін өзгерту;

- әр ауысымда дәрісханаларды санитарлық тазарту жүргізуге кемінде 25 минут үзіліс жасауды ескеру;

- спортзалда сабақ өту кезінде білім алушылар арасындағы әлеуметтік арақашықтық 1 адамға 2 ш.м. болуын ескеру қажет, сонымен бірге залдың бір мезгілдегі толымдылығы жалпы толымдылығының 50%-нан аспауы тиіс.

## **6.6 Төтенше жағдайда/ карантин немесе карантиннен кейінгі кезеңде университетті ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ету қызметі**

6.6.1 Төтенше жағдай / карантин немесе карантиннен кейінгі кезең жағдайында келесі талаптардың орындалуы мен сақталуы қажет:



Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 9-сі
--	---	--

- кабинеттерде санитарлық тазарту жүргізу үшін құрылымдық бөлім басшылары қызметкерлердің жұмыс кестесінде әр 3-4 сағат сайын кем дегенде 15-20 минуттық техникалық үзілістер (дымқыл тазалау, желдету және қажет болған жағдайда ауаны зарарсыздандыру) жасауды ескеруі керек;

- қызметкерлерге максималды түрде жағдай жасау керек, бөлмеде қызметкерлер бір-бірінен 2 метр арақашықтықта болуы тиіс;

- акт залында немесе мәжіліс залында іс-шара жүргізу кезінде ұйымдастырушылар залды алдын ала зарарсыздандыру, желдету және іс-шараға қатысушы білім алушылар, қызметкерлер мен қонақтардың әлеуметтік арақашықтығы кемінде 2 метрді сақтай отырып, ұйымдастырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

- АББО директоры оқу залдарында зарарсыздандыру және желдету жұмыстарын әр 4 сағат сайын, столдарды әлеуметтік арақашықтықты (арасы 1 метрден кем болмауын) ескере отырып, орналастыруды және столда 2-3 адамнан артық отырмауын қамтамасыз етуі тиіс;

- ғылыми және басқа да зертханаларда зерттеулер жүргізгенде қызметкерлер, білім алушылар арасында әлеуметтік арақашықтықтың сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс;

- тамақтану пункттерінде әлеуметтік арақашықтық кемінде 2 метр сақталынып, 5 адамнан артық кезекте тұрмауын қамтамасыз ету қажет. Столдар тамақтанушылардың арасы 2 метр қашықтықты қамтамасыз етіліп, орналастырылуы тиіс;

- цифрландыру департаменті қашықтықтан оқыту мен қашықтан жұмыс жасау қажеттілігі туындаған жағдайда серверлердің, корпоративтік желілердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

- білім алушылар мен қызметкерлерге инфографика (жадынама, нұсқаулық ж.т.б.) түрінде ақпараттық материал бере отырып, COVID-19 профилактикасы бойынша санитарлық-ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру.

- әкімшілік департаменті білім алушылар мен қызметкерлер арасында жеке гигиена ережелерін сақтау қажеттігі туралы үнемі нұсқау беріп, олардың қатаң түрде сақталуын бақылауы тиіс;

- әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі департамент техникалық персоналды тазарту жұмыстарына қажетті жеке қорғаныс құралдарымен: халат, қолғап, медициналық маскамен қамтамасыз етуі тиіс. Тазалағыш құрал-жабдықтар (шелек, щеткалар, шүберектер) қолданғаннан кейін жақсылап жуылады және арнайы белгәніленген орындарда сақталады;

- әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі департаменті түшкіргенде және жөтелгенде қолданылған маска, қолғап, майлықтарды жою үшін арнайы орындармен қамтамасыз етуі тиіс.

6.6.2 Университет басшылығы білім алушылар мен қызметкерлер арасында интернет –ресурстар, әлеуметтік желілер ж.т.б. арқылы үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс.

### **6.7 Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып,**

Қазақстан Республикасы БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету және оны білім алушылар мен қызметкерлердің сақтауы бойынша нұсқаулық	СМЖ ОҚУ И 6.17-2021 Нұсқа 01 Бет 11-дің 10-сі
--	---	---

## **студенттердің жатақханада тұру тәртібі**

6.7.1 Жатақханаларда эпидемияға қарсы келесі шаралар жүргізіледі:

1) білім алушылардың бірлесіп тамақтануын болдырмау;  
2) дәретхана, қол жуғыш, душ және тұрмыстық бөлмелерде дезинфекциялық заттарды қолдана отырып, тұрақты түрде жуып тазалау жүргізіледі;

3) жалпылама пайдаланылатын орындар қолды жууға арналған және антисептик заттармен қамтамасыз етіледі;

4) тазалаудың жиілігі мен сапасын арттыру (тұтқалар, басқа да беттерді қосымша тазалау);

5) жатақханада тұруға қалған білім алушының дене қызуы көтерілген жағдайда немесе басқа жедел респираторлы вирустық инфекциялар белгілері болған жағдайда журналға тіркеледі;

6.7.2 жатақхананың әр қабаты жанаспайтын диспенсер-шашыратқыштармен немесе дезинфекциялағыш ерітінділерімен жабдықталады.

6.7.3 барлық тұрғындар маска кию режимін сақтауы керек.

6.7.4 Білім алушылар өз бөлмелерінде болуға тиіс және жатақханадағы басқа бөлмелерге баруды барынша шектеу керек; азық-түлік дүкендері мен дәріханаларға сатып алу үшін шығуды қоспағанда, қоғамдық орындарға барудан бас тартуға, жатақхана аумағынан шығуды шектеуге; жатақхана аумағынан тыс жерде болу уақытын азайтуға; қоғамдық орындарда масканы (респираторды) пайдалануға; көшеден оралғаннан кейін, бөтен адамдармен байланысқаннан кейін қолды сабынмен және сумен мұқият жууға; қолданылатын гаджеттерді, оргтехниканы және басқа да беттерді дезинфекциялауға; өздері тұратын бөлмелерді үнемі санитарлық тазартуды жүргізуге тиіс.

